«Шаттық-2026» XIX қалалық шығармашылық байқауын ұйымдастыру бойынша қызметті бір көзден сатып алу негіздемесі

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес «Шаттық-2026» XIX қалалық шығармашылық байқауын ұйымдастыру және өткізу қызметін бір көзден сатып алу қажеттілігі туындады. Астана қаласының білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында өткізілетін «Шаттық-2026» XIX қалалық шығармашылық байқауы дарынды балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту, мәдени және рухани құндылықтарды насихаттау, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін шығармашылық жұмыстарда қолдану мақсатында өткізіледі. Байқауды өткізу барысында қатысушыларға сахналық костюмдер қажет. Сахналық костюмдерді жеке тіктіру қызметінің құнының жоғары болуына және олардың тек бір реттік іс-шара аясында ғана пайдаланылатынын ескере отырып, костюмдерді тіктіруге бюджет қаражатын жұмсау экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып табылады. Осыған байланысты дайын костюмдерді жалға алу немесе қызмет ретінде пайдалану неғұрлым тиімді болып табылады. Аталған ереже кеш берілгендіктен, мереке күндері де болғандықтан ЗЦП рәсімдерін 1 сәуірге дейін үлгерту мүмкін болмайды. Осыған байланысты қызметті дер кезінде және сапалы ұйымдастыру мақсатында мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет. Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сахналық костюмдерді бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыру ұсынылады.

Директор **Г. Төлеу**

Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі менеджер **С.Нұрұшева**